"23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" бухгалтерлік есептің стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 84 бұйрығымен бекітілген

23 "Шағын кәсіпкерлік
субъектілерінің есебі
және есептілігі" БЕС-ке
20-қосымша

___________________
ұйым
В-17

**Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысуларды есепке алу тізімдемесі**

________________________________________________________________

р|Шот-фак.|Сатып|Сату| Атауы |Ұсынылған | Төлем (301 |Сатыл.
/|туранық,|алушы|құны|бойынша| шоттар | кредит шотынан | ған
р|орындал.|(тап.|бой.| өнім. | бойынша | дебет шоттарына) |тауар.
N| ған |сырыс|ынша|дердің | сомасы |____________________|лардың,
| жұмыс | шы) |____| саны |(301 дебе.| тапсырма |коррес.|орын.
|актіле. | |қал.|(орын. |тін шот. |____________|понден.|далған
|рінің N | |дық |далған | тардың | |күні|со.|циялық |жұмыс.
| | | |жұмыс. | кредиті. |N | |ма.|шот |тардың
| | | |тардың)| не) | | |сы | | сату
| | | |көлемі)| | | | | | құны
| | | |_______|___________| | | | |бойынша
| | | | | | | |701|633| | | | | |_____
| | | | | | | | | | | | | | |қалдық

________________________________________________________________

1| 2 | 3 | 4 |5|6|7|8| 9 | 10|11|12| 13 | 14| 15 | 16

________________________________________________________________

________________________________________________________________

Басшы ________________________ ________________
(аты-жөні) (қолы)
Бас бухгалтер _____________________ ________________
(аты-жөні) (қолы)

"23 "Шағын кәсіпкерлік
субъектілерінің есебі
және есептілігі"
бухгалтерлік есептің
стандартын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының

2004 жылғы 20 ақпандағы N 84 бұйрығымен бекітілген

23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" БЕС-ке 21-қосымша

___________________

ұйым

В-18

**Қаржы инвестицияларын есепке алу тізімдемесі**

| р/р N | Бағалы қағаздардың түрлері бойынша атауы | Есепті кезең басындағы қалдық | | Бағалы қағаздар қозғалысы (40 кіші бөлімінің шоттары) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Шоттар кредитіне шоттың дебеті бойынша (түсті) | | | | | | Кредит шотынан 843 дебет шотына(түсті) | | |
| | | | | N | | | N | | | N | | |
| | | саны | сомасы | күні | саны | сатып алыну құны | күні | саны | сатып алыну құны | күні | саны | сатып алу құны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | Акциялар | | | | | | | | | | | |
| | Облигациялар | | | | | | | | | | | |
| | Өзгелері | | | | | | | | | | | |

таблицаның жалғасы

_______________

Есепті кезең аяғындағы қалдық

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
с а н ы |с о м а с ы
|
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
1 4 | 1 5
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

Басшы ______________________ _______________
(аты-жөні) (қолы)
Бас бухгалтер ___________________ _______________
(аты-жөні) (қолы)

"23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" бухгалтерлік есептің стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 84 бұйрығымен бекітілген

23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" БЕС-ке 22-қосымша

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
ұ й ы м
В-19

**_________________ 20 ______ жылғы жиынтық тізімдеме**

Ұйым _______________________________________________________

Сала (қызмет түрі) ____________________________________________

Өлшем бірлігі: теңге __________________________________________

Мекен-жайы: _________________________________________________

Банк мекемелерінде ашылған есептік және өзге шоттардың нөмері ____________________________________________________________

СТН ____________________________________________________________

______________________________________________________________________

Тізілім |

демелер| Шоттар бойынша қаражаттың болуы мен қозғалысы

_______|_____________________________________________________________

N|Атауы| N 441 | N 451 | N 671 | N 681 | N

| |____________|____________|____________|__________|__________

| |дебет|кредит|дебет|кредит|дебет|кредит|де. |кре. |де. |кре.

| |(кі. |(шы. |(кі. |(шы. |(кі. |(шы. |бет |дит |бет |дит

| |ріс) |ғыс) |ріс) |ғыс) |ріс) |ғыс) |(кі.|(шы. |(кі.|(шы.

| | | | | | | |ріс)|ғыс) |ріс)|ғыс)

______________________________________________________________________

1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Басшы ________________________ ________________

(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер ____________________ ________________

(аты-жөні) (қолы)

"23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" бухгалтерлік есептің стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 84 бұйрығымен бекітілген

23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" БЕС-ке 23-қосымша

___________________

ұйым

В-19

**Таза кірістің есебі**

| Кірістер (шоттар бойынша) | | | | | | | Шығыстар (шоттар бойынша) | | | | | | | Таза кіріс (шығын) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| N | N | N | | | | Кірістер жиыны | N | N | N | | | | Шығыстар жиыны | Есепті кезеңде | Жыл басынан бастап |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| | | | | | | | | | | | | | | | |

Басшы ______________________ _______________
(аты-жөні) (қолы)
Бас бухгалтер ___________________ _______________
(аты-жөні) (қолы)

"23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" бухгалтерлік есептің стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 84 бұйрығымен бекітілген

23 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есебі және есептілігі" БЕС-ке 24-қосымша

**Кітаптар мен тізімдемелерді толтыру тәртібі**

**Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын жеке кәсіпкерлер үшін кірістерді есепке алу кітабы**

1. Кітапты толтыру:

күн сайын, соңғы жұмыс күніне қорытынды жүргізе отырып, хронологиялық тәртіппен;

қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз жолмен жүргізілген барлық

операцияларды, оның ішінде баспа-бас айырбас операцияларды, консигнацияға тауарды қабылдап алу-беру бойынша операцияларды және т.б. қоса алғанда, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату жөніндегі операциялар көрсетіле отырып;

жеке кәсіпкерде бар операциялар бойынша көзделген тізімдемелерді ғана пайдалана отырып;

бірнеше фискальдық жады бар кассалық-бақылау машиналары (бұдан әрі - ФЖ бар КБМ) болған кезде - қолма-қол ақшаны есепке алу кітабында көрсетілген және ФЖ бар КБМ арқылы жүргізілген суммарлық айналымдар бойынша бір жолмен жүргізіледі.

2. Кітап титулдық беттен, төлем көзінде салық салынбайтын кірістерді есепке алу тізімдемесінен және (немесе) төлем көзінде салық салынатын кірістерді есепке алу тізімдемесінен тұрады.

3. Титулдық бетті толтыру тәртібі.

Титулдық бетте кәсіпкер туралы деректер толтырылады:

кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты;

фирмалық атауы;

салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

кәсіпкердің тіркелуі туралы куәлік (сериясы, нөмірі, беру күні);

мекен-жайы және телефоны;

қосылған құн салығы бойынша тіркеуге қойылуы туралы куәлігі (қосылған құн салығы бойынша тіркеуге тұрған кәсіпкер ғана толтырады);

банктік деректемелері (банкте шоты бар кәсіпкер ғана толтырады);

қызметінің басталу және аяқталу күні.

4. Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын жеке кәсіпкерлер үшін төлем көзінен салық салынбайтын кірістерді есепке алу тізімдемесін толтыру тәртібі.

1 "Күні" бағаны бойынша - кірісті алу күні көрсетіледі.

2 "Операциялардың атауы" бағаны бойынша - қолма-қол ақшамен және ( немесе) қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүргізілген операциялардың атауы (баспа-бас айырбас операцияларды, консигнацияға тауарды қабылдап алу-беру бойынша операцияларды қоса алғанда, бақылау чектері және (немесе банктік көшірмелер бойынша (бастапқы бухгалтерлік құжаттар (жөнелтпе құжаттар, шот-фактуралар бойынша).

3 "Сомасы" бағаны бойынша - сатудан ақшалай көрсеткіште алынған және ( немесе) алуға жататын кірістердің сомасы көрсетіледі.

5. Қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын жеке кәсіпкерлер үшін төлем көзінен алынатын кірістерді есепке алу тізімдемесін толтыру тәртібі.

1 "Күні" бағаны бойынша - жүргізілген операциялардың күні көрсетіледі.

2 "Кіріс (айналым) сомасы" бағаны бойынша - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін кіріс сомасы көрсетіледі.

3 "Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының сомасы" бағаны бойынша - біржолғы талонның сомасы көрсетіледі.

4 "Құжаттың N және күні" бағаны бойынша - біржолғы талонның сериясы, нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

**Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлер үшін кірістерді есепке алу кітабы**

1. Кітапты толтыру:

күн сайын, соңғы жұмыс күніне қорытынды жүргізе отырып, хронологиялық тәртіппен;

қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз жолмен жүргізілген барлық операцияларды, оның ішінде баспа-бас айырбас операцияларды, консигнацияға тауарды қабылдап алу-беру бойынша операцияларды және т.б. қоса алғанда, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату жөніндегі операциялар көрсетіле отырып;

жеке кәсіпкерде бар операциялар бойынша көзделген тізімдемелерді ғана пайдалана отырып;

бірнеше ФЖ бар КБМ болған кезде - қолма-қол ақшаны есепке алу кітабында көрсетілген және ФЖ бар КБМ арқылы жүргізілген суммарлық айналымдар бойынша бір жолмен жүргізіледі.

2. Кітап титулдық беттен, төлем көзінде салық салынбайтын кірістерді есепке алу тізімдемесінен және (немесе) төлем көзінде салық салынатын кірістерді есепке алу тізімдемесінен тұрады.

3. Титулдық бетті толтыру тәртібі.

Титулдық бетте кәсіпкер туралы деректер толтырылады:

кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты;

фирмалық атауы;

салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

кәсіпкердің тіркелуі туралы куәлік (сериясы, нөмірі, беру күні);

мекен-жайы және телефоны;

қосылған құн салығы бойынша тіркеуге қойылуы туралы куәлігі (қосылған құн салығы бойынша тіркеуге тұрған кәсіпкер ғана толтырады);

банктік деректемелері (банкте шоты бар кәсіпкер ғана толтырады);

қызметінің басталу және аяқталу күні.

4. Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын жеке кәсіпкерлер үшін төлем көзінен салық салынбайтын кірістерді есепке алу тізімдемесін толтыру тәртібі.

1 "Күні" бағаны бойынша - кірісті алу күні көрсетіледі.

2 "Операциялардың атауы" бағаны бойынша - қолма-қол ақшамен және ( немесе) қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүргізілген операциялардың атауы (баспа-бас айырбас операцияларды, консигнацияға тауарды қабылдап алу-беру бойынша операцияларды қоса алғанда, бақылау чектері және (немесе банктік көшірмелер бойынша (бастапқы бухгалтерлік құжаттар (жөнелтпе құжаттар, шот-фактуралар бойынша).

3 "Жалпы сомасы" бағаны бойынша - сатудан ақшалай көрсеткіште алынған және (немесе) алуға жататын кірістердің сомасы көрсетіледі.

4 "Қосылған құн салығы салынбайтын айналым" бағаны бойынша - қосылған құн салығы салынбайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

5 "Қосылған құн салығының сомасы" бағаны бойынша - тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен айланым бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі.

6 "Операциялардың атауы" бағаны бойынша - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жөніндегі операциялар көрсетіледі.

7 "Қосылған құн салығынсыз құны" бағаны бойынша жеке кәсіпкер сатып алған және кәсіпкерлік қызметпен байланысты қосылған құн салығынсыз тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны көрсетіледі.

8 "Қосылған құн салығының сомасы" бағаны бойынша - берушілер берген шот-фактуралар (бақылау чектері) бойынша айналымдар бойынша салық сомасы көрсетіледі.

5. Қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын жеке кәсіпкерлер үшін төлем көзінен алынатын кірістерді есепке алу тізімдемесін толтыру тәртібі.

1 "Күні" бағаны бойынша - жүргізілген операциялардың күні көрсетіледі.

2 "Кіріс (айналым) сомасы" бағаны бойынша - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін кіріс сомасы көрсетіледі.

3 "Оның ішінде қосылған құн салығы" бағаны бойынша - беруші төлеген немесе төлеуге жататын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен айналымдар бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі.

4 "Төлем көзінен ұсталған жеке кіріс салығының сомасы" бағаны бойынша - біржолғы талонның құны көрсетіледі.

5 "Құжаттың N және күні" бағаны бойынша - біржолғы талонның сериясы, нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

**Тауарлық-материалдық қорларды есепке алу тізімдемесі (В-1)**

В-1 нысаны бойынша тізімдеме тауарлық-материалдық қорларды есептеуге арналған.

Тауарлық-материалдық қорларды есептеу тізімдемесі есепті кезеңде ашылады және материалдық жауапты тұлғалар есепті кезеңде олар бойынша қозғалыс

болуына немесе болмауына қарамастан қорлардың барлық түрлері бөлінісінде материалдар мен тауарлар бойынша жеке-жеке жүргізіледі.

Материалдар мен тауарлардың құны берушілердің есеп айырысу құжаттарында көрсетілген сатып алуға арналған шығындар, көлік шығыстары, үстемеақылар негізге алына отырып, анықталады және көрсетіледі.

"Түскені" бағанында олардың саны мен құны көрсетіле отырып, материалдар мен тауарлардың түсуі көрсетіледі.

"Жұмсалғаны" бағанына олардың саны мен құны көрсетіле отырып, шығаруға немесе сатуға материалдарды, тауарларды жіберу туралы деректер енгізіледі.

Есепті кезеңнің соңында тізімдемеде кейіннен В-6 нысаны бойынша жиынтық тізімдемеге ауыстырылатын есепті кезеңнің аяғындағы сальдо және келесі есепті кезеңге ашылған тізімдеме шығарылады.

**Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қозғалысын есепке алу тізімдемесі (В-2)**

В-2 нысаны бойынша тізімдеме негізгі құралдар (бұдан әрі - НҚ) мен материалдық емес активтердің бар-жоғын және қозғалысын есепке алуға арналған.

Негізгі құралдар бойынша деректер жеке-жеке әрбір объект бойынша позициялық тәсілмен мынадай сыныптама бөлінісінде тізімдемеге жазылады:

жер;

ғимараттар мен үй-жайлар;

машиналар мен жабдықтар, табыстау қондырғылары;

көлік құралдары;

басқалар.

Тізімдеме асыра бағалаулар және материалдық емес активтер ескеріле отырып, негізгі қаражат қозғалысы болған кезде, бірақ жылына бір реттен аспай толтырылады. Негізгі қаражатты іште ауыстыру тізімдемеде көрсетілмейді.

Кәсіпкерде негізгі қаражат объектілерінің елеулі саны болған кезде ол N НҚ-5 "Негізгі құралдарды есепке алудың түгендеу карточкасы", НҚ-6 "Негізгі құралдарды есепке алу жөніндегі түгендеу карточкаларының тізімдемесі", НҚ-7 " Негізгі құралдардың қозғалысын есепке алу карточкасы", НҚ-9 "Негізгі құралдарды түгендеу тізімі" (олардың пайдалану орны бойынша) бастапқы нысандарын пайдалана отырып, есеп жүргізе алады. Карточкалардың қорытынды деректерінің негізінде тізімдемеде В-2 нысаны бойынша негізгі қаражаттың қозғалысына жиынтық есеп жүргізіледі.

Есепті кезеңнің аяғында тізімдемеде есепті кезеңнің аяғына кейіннен В-6 нысаны бойынша жиынтық тізімдемеге және келесі есеп кезеңіне ашылатын тізімдемеге көшірілетін сальдо шығарылады.

**Амортизациялық есептеулердің нысанын (В-3) есептеу тізімдемесі**

В-3 нысаны бойынша тізімдеме негізгі қаражат және материалдық емес активтер бойынша амортизациялық есептеулердің есептелген сомасына арналған .

Амортизацияның есептелген сомасы әрбір негізгі қаражат объектісі бойынша есепті кезеңнің аяғына негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің (В-2 нысаны бойынша тізімдеме) және амортизациялық есептеулердің құны туралы деректер негізге алына отырып салық заңнамасында қолданылатын әдістер мен ережелерге сәйкес анықталатын амортизациялық есептеулердің сомасын қоспағанда, анықталады.

6-8-бағандар негізгі қаражат және материалдық емес активтер бойынша олардың пайдалану мерзімінен бастап негізгі қаражат пен материалдық емес активтер бойынша жинақталған тозу сомасын көрсетуге арналған.

Тізімдеменің В-3 нысаны бойынша деректері В-2 нысаны бойынша тізімдемені толтырған кезде пайдаланылады.

**Берушілермен есеп айырысуларды есепке алу тізімдемесі (В-4)**

В-4 нысаны бойынша тізімдеме берушілермен (мердігерлермен) есеп айрысуларды есепке алуға арналған.

Тізімдеме кәсіпкер берешегінің қалдықтарын тізімдемеден өткен есеп кезеңіне берушілер (мердігерлер) бөлінісінде ауыстыру жолымен ашылады.

6-8 "Төлеуге қабылданғаны" бағандары бойынша тізімдемеге жазылым орындалған жұмыстар мен қызметтер, сондай-ақ алынған тауарлық-материалдық қорлар үшін берушілер (мердігерлер) шоттарының деректері негізінде жүргізіледі.

10-13 "Төленгені" бағаны бойынша берушілердің (мердігерлердің) шоттарына ақы төлеу бойынша операциялар көрсетіледі.

Есепті кезеңнің аяғында төленбей қалған сома берушілердің (мердігерлердің) әрбір шоттары бойынша жеке-жеке есептеледі және 15 "Есепті кезеңнің аяғына төленбеген шоттар бойынша қалдығы" бағанына енгізіледі.

Есепті кезеңнің аяғында тізімдемеде кейіннен В-6 нысаны бойынша жиынтық тізімдемеге және келесі есепті кезеңге ашылатын тізімдемеге ауыстырылатын есепті кезеңінің аяғына сальдо шығарылады.

**Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысуларды есепке алу тізімдемесі (В-5)**

В-5 нысаны бойынша тізімдеме кәсіпкердің сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен сатылған айналымнан тыс активтері, тауарлық-материалдық қорлары үшін есеп айырысуларын есепке алуға арналған.

Активтерді тиеу немесе сатып алушыға (тапсырыс берушіге) жіберу кезінде тізімдемелерде жазылымдар әрбір сатып алушы (тапсырыс беруші) бойынша жүргізіледі.

Сатып алушылар (тапсырыс берушілер) берешектерінің қалдықтары есепті кезеңнің басына тиісті тізімдемеден келесі есепті кезеңге ауыстырылады.

5-8-бағандарда бұйымдардың атаулары мен топтары бойынша сатылған активтердің сандық деректері көрсетіледі. "Ұсынылған шоттар бойынша сомасы" бөліміне (9-11-бағандар) сатып алушыларға ұсынылған шоттар бойынша сома енгізіледі. Бұл ретте жанама салықтардың сомасы (ҚҚС және акциздер) және активтерді сатудан түскен кіріс сомасы жеке-жеке көрсетіледі.

Ұсынылған шот-фактураларға ақы төлеу бойынша операциялар банк көшірмелерінің, кассалық ордерлердің немесе басқа да ақшалай құжаттардың негізінде "Ақы төлеу" (12-15-бағандар) бөлімінде көрсетіледі.

Есепті кезеңнің аяғында тізімдемеде кейіннен В-7 нысаны бойынша жиынтық тізімдемеге және келесі есепті кезеңге ашылатын тізімдемеге ауыстырылатын есепті кезеңінің аяғына сальдо шығарылады.

**Жиынтық тізімдеме (В-6)**

В-6 нысаны бойынша жиынтық тізімдеме қолданылатын тізімдемелерде нәтижелерді қорытындылауға арналған.

Жиынтық тізімдеме әрбір есепті кезеңге кәсіпкер қолданатын барлық тізімдемелерді сальдосын ауыстыру жолымен ашылады.

1-2-бағандарда кәсіпкер есепті кезеңде пайдаланатын тізімдемелердің нөмірі мен атауы жазылады.

3-бағанда тізімдеменің негізінде есепті кезеңнің соңында сальдо көрсетіледі.

**Еңбек ақы төлеу жөніндегі есептеу-төлеу тізімдемесі (В-7)**

Еңбек ақы төлеу жөніндегі есептеу-төлеу тізімдемесі жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын кәсіпкерлер, сондай-ақ шаруашылық операцияларын есепке алу кітабының негізінде бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар қолданады. Есеп айырысу тізімдемесі қызметкерлермен еңбек ақы төлеу жөніндегі есеп айырысуларды есепке алу үшін , сондай-ақ белгіленген тәртіппен қызметкерлердің еңбек ақы төлеу сомасынан міндетті жарналар мен аударымдардың сомаларын аныктау үшін арналды. Есептеу-төлеу тізімдемесі шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметкерлеріне жалақыны беруді ресімдеу үшін арналды. "Есептелгені" деген бағанда қызметкерлерге орындалған жұмыс үшін еңбек ақы төлеу жөніндегі есептелген сомалар көрсетіледі және "Ұсталғаны" деген бағанда еңбек ақы төлеу жөніндегі

есептелген соманың ұсталуы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының және басқаның жеке тұлғаларынан жеке табыс салығы) бір уақыты көрсетіледі.

**Ақшаны есепке алу тізімдемесі (В-8)**

В-8 нысаны бойынша тізімдеме 41 "Жолдағы ақшалар", 42 " Аккредитивтердегі, чектердегі, карт-шоттардағы және басқа да банктердегі шоттардағы ақшалар", 43 "Шетелдік валютадағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақшалар", 44 "Ұлттық валютадағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақшалар", 45 "Кассадағы қолма-қол ақша" бөлімшелерінің бухгалтерлік шоттарында көрсетілетін операцияларды есепке алуға арналды.

Тізімдемедегі кассадағы қолма-қол ақшаны есепке алу жөніндегі жазбалар кассалық операциялар туралы есептің негізінде жүргізіледі.

Ақшаны қабылдау және беру, кіріс және шығыс құжаттарын ресімдеу, кассалық кітапты жүргізу және кассалық операциялар туралы есепті жасау жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

Тізімдемедегі банктегі есеп айырысу шоты және басқа да шоттар жөніндегі ақшаны есепке алу жөніндегі жазбалар банк көшірмелерінің және оларға қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

"Күні" деген тізімдеменің бағаны есепті кезеңнің ішінде банк көшірмелерінің бастапқы және түпкілікті күндерін көрсету үшін арналды.

"Операцияларды ұстау" бағаны касса және банктік шоттар арқылы жүргізілген шаруашылық операцияларын тіркеу үшін арналды.

Есепті кезеңнің соңында тізімдемеде есепті кезеңнің соңына сальдо шығарылады, содан кейін В-19 нысанының жиынтық тізімдемесіне және келесі есепті кезеңде ашылатын тізімдемеге ауыстырылады.

**Есеп айырысуды берушілермен есепке алу тізімдемесі (В-9)**

В-9 нысаны бойынша тізімдеме 671 "Ақы төлеуге арналған шоттар" шотында ескерілген берушілермен (мердігерлермен) есеп айырысуларды есепке алу үшін арналды.

Тізімдеме өткен есепті кезең үшін тізімдемеден берушілер (мердігерлер) шотының бөлінісінде субъект берешегінің қалдықтарын ауыстыру арқылы ашылады.

Тізімдемедегі 671 "Ақы төлеуге арналған шоттар" (6-8 бағандар) шотының кредиті жөніндегі жазбалар орындалған жұмыстар мен қызметтер үшін, сондай-ақ алынған тауарлы-материалдық қорлар үшін берушілер (мердігерлер) шоттары деректерінің негізінде жүргізіледі.

671 "Ақы төлеуге арналған шоттар" шотының дебеті бойынша (10-13 бағандар) (42 "Аккредитивтердегі, чектердегі, карт-шоттардағы және басқа да

банктердегі шоттардағы ақшалар", 43 "Шетел валютасындағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақшалар", 44 "Ұлттық валютадағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақшалар", 45 "Кассадағы қолма-қол ақша" бөлімшелері шоттарының кредиті) берушілер (мердігерлер) шоттарын төлеу жөніндегі, сондай-ақ 33 "Өзге де дебиторлық берешек" бөлімшесінің шоттарында ескерілген сомаларды есепке алу жөніндегі операциялар көрсетіледі.

Есепті кезеңнің соңында төленбей қалған сомалар берушілердің ( мердігерлердің) әрбір шоты бойынша жеке есептеледі және 15 "Есепті кезеңнің соңында төленбеген шоттар бойынша қалдық" бағанына енгізіледі.

**Есепті тұлғалармен есеп айырысуды есепке алу тізімдемесі (В-10)**

В-10 нысаны бойынша тізімдеме 333 "Қызметкерлердің және басқа да тұлғалардың берешегі" шотында көрсетілген қызметкерлер мен басқа да тұлғалардың берешегі бойынша операцияларды есепке алу арналды.

Тізімдеме өткен есепті кезең үшін тізімдемеден алынған берешектің туындау күнін көрсете отырып қызметкерлер және басқа да тұлғалар берешегінің қалдықтарын ауыстыру жолымен ашылады.

Ағымдағы есепті кезеңде берілген аванстар, артық шығысты өтеу сомалары ( берілген авансқа қарсы), қызметкерлерге берілген кредиттер хат-хабарда 42 " Аккредитивтердегі, чектердегі, карт-шоттардағы және басқа да банктердегі шоттардағы ақшалар", 43 "Шетел валютасындағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақшалар", 44 "Ұлттық валютадағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақшалар", 45 "Кассадағы қолма-қол ақша" бөлімшелері шоттарының кредитімен 333 "Қызметкерлердің және басқа да тұлғалардың берешегі" шотының (4-7-бағанның) дебеті бойынша көрсетіледі.

9-11-бағандарда тиісті шоттарға сәйкес хат-хабарларда пайдаланылмаған аванстарды, берілген кредиттерді және жұмсалған есепті сомаларды қайтару сомасына 333 "Қызметкерлердің және басқа да тұлғалардың берешегі" шотының кредиті бойынша операциялар көрсетіледі.

Есепті тұлғалардың бөлінісіндегі есепті кезеңнің соңындағы қалдықтар 13 " Берешектің қалдығы" бағанына есептеледі және енгізіледі.

Есепті кезеңнің соңында кредит қалдығын алған жағдайда берешектің пайда болған сомасын 687 "Өзгелері" шотына ауыстыру қажет.

**Тауарлы-материалдық қорларды есепке алу тізімдемесі (В-11)**

В-11 нысаны жөніндегі тізімдеме ІІ "Тауарлы-материалдық қорлар" бөлімінің шоттарында көрсетілген тауарлы-материалдық қорлардың талдамалы және синтетикалық есебі үшін арналды.

Тізімдеме есепті кезеңде ашылады және есепті кезеңде олар бойынша

қозғалыстың болғанына немесе болмағанына қарамастан қорлардың барлық түрлерінің бөлінісінде материалдар мен тауарлар бойынша материалды жауапты тұлғалар (немесе бухгалтерияда) бөлек жүргізеді.

Екі және одан көп материалдық жауапты тұлғалар болған кезде, В-11 нысаны бойынша тізімдемені қолдана отырып тауарлық-материалдық қорларды есепке алу жүргізіледі, бухгалтерияда көрсетілген тізімдеменің негізінде тұтастай алғанда субъект бойынша есепті кезеңде қорлардың болуы және оның қозғалысының жиынтық есебі үшін осы нысан бойынша тізімдеме жасалады.

Материалдар мен тауарлардың құны берушілердің есеп айырысу құжаттарында көрсетілген көліктік шығыстарды, үстемеақыларды сатып алуға арналған шығындардың нәтижесінде тізімдемеде белгіленеді және көрсетіледі.

II "Тауарлы-материалдық қорлар" бөлімі шоттарының дебеті жөніндегі тізімдемеде хат-хабарлар шоттарының бөлінісінде олардың саны мен құнын көрсете отырып материалдар мен тауарлардың түсуі (687 "Өзгелері" шотының 67 "Берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу" бөлімшесінің ақшасын есепке алу) көрсетіледі.

Шоттың кредиті бойынша (900 "Негізгі өндіріс", 801 "Іске асырылған дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны, 811 "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) іске асыру жөніндегі шығыстар" және басқа да) хат-хабарлар шоттарының бөлінісінде олардың саны мен құнын көрсете отырып шығаруға және сатуға материалдар мен тауарларды босату туралы деректер енгізіледі.

Есепті кезеңнің соңында тізімдемеде есепті кезеңнің соңында сальдо шығарылады, содан кейін В-19 нысанының Жиынтық тізімдемесіне және келесі есепті кезеңде ашылатын тізімдемеге ауыстырылады.

**Еңбек ақыны есепке алудың тізімдемесі (В-12)**

В-12 нысаны бойынша тізімдеме 681 "Персоналмен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысу" шотында ескерілетін субъектінің қызметкерлерімен есеп айырысуды есепке алу үшін арналды.

Тізімдеме өткен есепті кезең үшін тізімдемеден алынатын қызметкерлердің депозитке салынған жалақысы бойынша субъектінің берешегін ауыстыру жолымен ашылады.

681 "Персоналмен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысу" (4-6-бағандар) шотының кредиті бойынша тізімдемеде субъект қабылдаған еңбек ақы жүйесінің және нысандарының нәтижесінде есептелген орындалған жұмысы үшін қызметкерлерге (штатта тұрған және тұрмаған) еңбек ақы (сыйлықты қоса алғанда) жөніндегі есептелген сомалар көрсетіледі. Жалақы тізімдемеде қызметкерлердің санаттары, есепке алу объектілері, өндіріс түрлері бойынша топтастырылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлердің еңбек ақысын төлеу жөніндегі есептелген сомадан барлық ұстаулардың есебі бір уақытта (7-8-бағандар) жүргізіледі және қызметкерлердің қолына беруге тиесілі сома (9-баған) анықталады.

Есепті кезеңнің соңында еңбек ақы төлеу жөніндегі берілмеген сомалар 12 "Есепті кезеңнің соңындағы берешектің қалдығы" бағанына енгізіледі.

В-12 нысаны жөніндегі тізімдемеде сондай-ақ белгіленген тәртіппен Зейнетақыны төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа қызметкерлердің еңбек ақысын төлеу сомасынан міндетті жарналар мен аударымдардың сомасы белгіленеді.

Осы тізімдеменің негізінде "Есепті кезеңнің шығындарын есепке алу" В-14 нысаны жөніндегі тізімдемеде 65 "Кепілдіктер және шартты міндеттемелер" бөлімшесі шотының кредиті жөніндегі айналымдар көрсетіледі.

**Есеп айырысулар мен өзге де операцияларды есепке алудың тізімдемесі (В-13)**

В-13 нысаны жөніндегі тізімдеме V "Меншікті капитал" бөлімінің және 33 "Өзге де дебиторлық берешек", 34 "Болашақ кезеңдердің шығыстары", 35 "Берілген аванстар", 60 "Қарыздар", 61 "Болашақ кезеңдердің кірістері", 62 "Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша есеп айырысулар", 63 "Бюджетпен есеп айырысулар", 66 "Алынған аванстар", 68 "Өзге де кредиторлық берешек және есептеулер" (681 "Персоналмен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысу" қоспағанда), 85 "Корпоративтік табыс салығы жөніндегі шығыстар" бөлімшелерінің шоттарында ескерілетін операцияларды есепке алу үшін арналды.

Бірнеше бухгалтерлік шоттарда ескерілетін операцияларды көрсету үшін тізімдеменің бір бланкін пайдаланған кезде тізімдемеде олардың әрқайсысына қажетті жолдар саны белгіленеді және "Негіздеме" бағанында шоттың нөмірі және оның атауы жазылады.

Шоттарды активті және пассивтіге бөлудің нәтижесінде тізімдемені ашқан кезде пассивті шоттар бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдықтар кредиттелген, ал активті шоттар бойынша дебеттелген болатынын ескеру қажет.

**Есепті кезеңнің шығындарын есепке алу тізімдемесі (В-14)**

В-14 нысаны жөніндегі тізімдеме тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіруге арналған шығындарды, кезең шығыстарын және аяқталмаған құрылыс жөніндегі шығыстарды есепке алу үшін арналды.

Тізімдеменің 2-9-бағандары басқа тізімдемеде ұсталатын деректердің негізінде толтырылады. Мысалы, В-10 нысаны жөніндегі тізімдемеде есепті тұлғалардың шығыстары, В-9 нысаны жөніндегі тізімдемеде коммуналдық

қызметтер көрсету жөніндегі бөгде ұйымдар қызметінің құны және т.б. Есепті кезең шығындарының жалпы сомасының есебі 10 "Шығындардың жиыны" бағанында жүргізіледі.

Айдың басындағы аяқталмаған өндірістің қалдықтары (11-баған) өткен есепті кезең үшін В-13 нысан жөніндегі тізімдеменің тиісті деректеріне сәйкес тізімдемеде көрсетіледі, ал есепті кезеңнің соңындағы қалдық (12-баған) аяқталмаған өндірістің түгендеу актілері бойынша анықталады.

Өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) есепті кезеңінде шығарылған іс жүзіндегі өзіндік құнын анықтау үшін 10 "Шығындардың жиыны" бағанында көрсетілген сомаға есепті кезеңнің басындағы аяқталмаған өндіріс қалдығының сомасы қосылады және есепті кезеңнің соңындағы аяқталмаған өндіріс қалдығының сомасы алынады. Бұл ретте кезең шығыстарына жататын шығындар жалпы белгіленген тәртіппен есепті жылдың соңында есептен шығарылатынын, ал құрылыс объектілері бойынша шығыстар 126 "Аяқталмаған құрылыс" шотындағы алдын-ала жиналатынын және содан кейін пайдалануға қабылдау актісінің негізінде негізгі қаражат және материалдық емес активтерінің қозғалысын есепке алу тізімдемесіне (В-15) ауыстырылатынын ескеру қажет.

**Негізгі қаражат және материалдық емес активтердің қозғалыс тізімдемесі (В-15)**

В-15 нысаны жөніндегі тізімдеме 10 "Материалдық емес активтер", 12 " Негізгі қаражат" бөлімшелерінің шоттарында ескерілетін негізгі қаражат және материалдық емес активтердің болуын және қозғалысын есепке алу үшін арналды.

Негізгі қаражат жөніндегі деректер тізімдемеде позициялы тәсілмен әрбір объекті бойынша мынадай сыныптаманың бөлінісінде жеке жазылады:

жер;

ғимарат және үй-жай;

машиналар және жабдықтар, өткізу қондырғылары;

көліктік құралдар;

өзге де.

Тізімдеме қайта бағалауды ескере отырып негізгі құралдар және материалдық емес активтер қозғалысының болуы кезінде толтырылады, бірақ жылына бір реттен жиі емес. Тізімдемеде субъектінің ішінде негізгі құралдарды ауыстыру көрсетілмейді.

Субъектіде негізгі құралдар объектілерінің елеулі саны болған кезде ол N НҚ-5 "Негізгі құралдарды есепке алудың түгендеу карточкасы", НҚ-6 "Негізгі құралдарды есепке алу жөніндегі түгендеу карточкаларының тізімдемесі", НҚ-7 " Негізгі қаражат қозғалысын есепке алу карточкасы", НҚ-9 "Негізгі құралдарды түгендеу тізімі" (олардың пайдаланымда болу орны бойынша) бастапқы

нысандарын пайдалана отырып есеп жүргізе алады. Карточкалардың қорытынды деректерінің негізінде В-15 нысаны жөніндегі тізімдемеде негізгі құралдардың қозғалысын жиынтық есепке алу жүргізіледі.

**Амортизациялық аударымдарды есепке алу тізімдемесі (В-16)**

В-16 нысаны жөніндегі тізімдеме 11 "Материалдық емес активтерді амортизациялау" және 13 "Негізгі құралдардың тозуы" бөлімшелерінің шоттарында ескерілетін негізгі құралдар және материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдардың есептелген сомаларын есепке алу үшін арналды.

Амортизацияның есептелген сомасы есепті кезеңнің соңындағы (В-15 нысаны жөніндегі тізімдеме) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің және амортизациялық аударым нормаларының құны туралы деректердің нәтижесінде негізгі құралдың (салық заңнамасында қолданылатын әдіс және ережеге сәйкес анықталатын амортизациялық аударым сомаларын қоспағанда) әрбір объектісі бойынша анықталады.

6-8-бағандар негізгі құралдар және материалдық емес активтер бойынша оларды пайдалану мерзімінен бастап жинақталған тозу (амортизация) сомаларын көрсету үшін арналды.

В-16 тізімдемесінің деректері В-14 нысаны жөніндегі тізімдемені және В-15 нысаны жөніндегі тізімдемені толтыру кезінде пайдаланылады.

**Сатып алушылар мен тапсырысшылармен есеп айырысуларды есепке алу тізімдемесі (В-17)**

В-17 нысаны жөніндегі тізімдеме 30 "Сатып алушылар мен тапсырысшылардың берешегі" бөлімшесінің шоттарында ескерілетін сатылған айналымнан тыс активтер, қаржылық инвестициялар және тауарлы-материалдық қорлар үшін сатып алушылар мен тапсырысшылармен субъектінің есеп айырысуларын есепке алу үшін арналды.

Сатып алушыға (тапсырысшыға) активтерді тиеу немесе босату кезінде тізімдемеде жазбалар сатып алушының (тапсырысшының) әрбір шоты бойынша позициялы тәсілмен жүргізіледі.

Есепті кезеңнің басындағы сатып алушы (тапсырысшы) берешектерінің қалдықтары өткен есепті кезең үшін тиісті тізімдемеден ауыстырылады.

5-8-бағандарда бұйымдардың атаулары немесе топтары бойынша сатылған активтердің сандық деректері көрсетіледі. "Көрсетілген шоттар жөніндегі сома" бөліміне (9-11-бағандар) сатып алушыларға көрсетілген шоттар бойынша сомалар енгізіледі. Бұл ретте жанама салық сомасы (ҚҚС және акциздер) және активтерді сатудан алынған кірістің сомасы бөлек көрсетіледі.

Көрсетілген шот-фактураларды төлеу жөніндегі операциялар банк, кассалық

ордерлер немесе басқа да ақшалай құжаттар көшірмелерінің негізінде "Ақы төлеу" (12-15-бағандар) бөлімінде көрсетіледі. Осы бөлімге 66 "Алынған аванстар" бөлімшесінің тиісті шоттарында ескерілетін сомалар ауыстырылады. Активті қайтару немесе жеңілдік беру шотты көрсете отырып "Ақы төлеу" бөлімінің 14-бағанында көрсетіледі, ол бойынша қайтару жасалды немесе жеңілдік берілді.

Сатып алушылар мен тапсырысшылардың дебиторлық берешегі сатып алу құны жөніндегі тізімдемеге есептеледі.

**Қаржылық инвестицияларды есепке алу тізімдемесі (В-18)**

В-18 нысаны жөніндегі тізімдеме 40 "Қаржылық инвестициялар" бөлімшесінің шоттарында ескерілетін қаржылық инвестицияларды есепке алу үшін арналды.

Тізімдеме өткен есепті кезең үшін тізімдемеден алынатын есепті кезеңнің басындағы қаржылық инвестициялардың саны және құны туралы деректерді ауыстыру жолымен ашылады.

40 "Қаржылық инвестициялар" бөлімшесі шоттарының дебеті жөніндегі тізімдемеде санын, сатып алу құнын және хат-хабар шоттарын көрсете отырып ( 67 "Берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу", 68 "Өзге де кредиторлық берешек және аударулар" бөлімшелерінің ақша қаражатын есепке алу шоттарының кредиті) басқа объектілерден бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі операциялар көрсетіледі.

40 "Қаржылық инвестициялар" бөлімшесі шоттарының кредиті бойынша 12-13-бағандарға сатылған бағалы қағаздар санын және құнын енгізе отырып өтеу ( сатып алу) және бағалы қағаздарды сату операциялары көрсетіледі.

**Жиынтық тізімдеме (В-19)**

В-19 нысаны жөніндегі жиынтық тізімдеме қолданылатын тізімдемедегі айналым жөніндегі нәтижелерді қорытындылау үшін арналды және бухгалтерлік балансты толтыру үшін негіз болады.

Жиынтық тізімдеме өткен есепті кезең үшін тиісті жиынтық тізімдемеден субъект қолданатын барлық шоттардың сальдосын ауыстыру жолымен әрбір есепті кезең үшін ашылады.

1-2-бағандарда есепті кезеңде субъект пайдаланатын тізімдемелердің нөмірі және атауы жазылады.

3-12-бағандарда тізімдемелердің негізінде шоттар бойынша дебеттік және кредиттік айналымдарды жазу жүргізіледі.

Содан кейін есепті кезеңнен кейінгі бірінші күнгі жағдай бойынша әрбір шот бойынша сальдо саналады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК